

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Новоильинов ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 23 маусымдағы № 3 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 25 маусымда № 9289 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Новоильинов ауылдық округі әкімінің 2020 жылғы 2 желтоқсандағы № 6 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Новоильинов ауылдық округі әкімінің 02.12.2020 № 6 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына, "Ветеринария туралы" 2002 жылғы 10 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес және "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Бейімбет Майлин ауданының аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесі басшысының 2020 жылғы 25 мамырдағы № 01-20/249 ұсынысы негізінде Новоильинов ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қостанай облысы Бейімбет Майлин ауданы Новоильинов ауылдық округінің Богородское ауылында орналасқан "Калиев Аскар Уразбаевич" шаруа қожалығының және Болбат Любовь Петровнаң жеке ауласының аумағында ірі кара малдың бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау комитеті Қостанай облысының тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау департаменті" республикалық мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша), "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Бейімбет Майлин ауданының аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесіне (келісім бойынша) анықталған эпизоотиялық ошақта ветеринариялық-санитариялық қолайлы жағдайға қол жеткізу үшін қажетті ветеринариялық-санитариялық іс-шараларды жүргізу ұсынылсын.

3. "Новоильинов ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің аумақтық әділет органын мемлекеттік тіркелуін;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Бейімбет Майлин ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

М. Таймасов